

ТУУЫ

БЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
БЫК КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

ль Сәрсенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын

Коммунистік қоғам орнату мақсаты идеологиялық жұмыстың жайын барған сайын жақсартып беруді талап етеді. Сондықтан идеологиялық жұмыстың маңызды саласы — лекциялық насихатты ұйымдастыру ісіне жете назар аударылсын.

ару

Коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары

Зор құрметке бөленген комбайншы

сені мәлім.
сия комите-
орлар тобы
бекітумен
ң салдары-
ндағы лек-
жүйесіндегі
ешқантай
ылай бола
итеті тек
қылау және
келді. Бұл
қызметгер-
лар тобы
жұмыстары
барлығын,
ында өзге-
май жүрген

емес. Со-
еті партия
ұйымдас-
алғанын
дық партия
жұмысын
и партия
да соңғы
не жол бе-

Михаил Ким 1939 жылы комбайншылар даярлайтын арнаулы курсты бітіріп, осы мамандығы бойынша Қарағанды совхозына жұмысқа орналасты. Бұл жас Михаилдың белгілі бір мамандық алып, өндірісте бірінші рет қолма-қол жұмыс істеуі болатын. Комбайнда, өндірісте алғаш рет жұмыс істеудің оңайға түспеуінің Михаил Львович жақсы білетін.

Михаил комбайншылар даярлайтын курсты жақсы бітіріп шықты. Сондықтан ол бірден комбайншы болып істеді. Оның роліне алғаш рет отырып, егін жыйнаған комбайншы — «Коммунар». Егін жыйнау бастамас бұрын ол комбайнның мұқият жөндесі, ораққа әзірлеп қойды.

Бұл жылы комбайнмен егін жыйнауға оған көп қиыншылықтар кездесті. Бірақ, Михаил оның қандайын болсын батыл жеңіп отырды. Сөйтіп, жас Михаил егін жыйнап бастырған алғашқы жылының өзінде іскер комбайншы екенін көрсете білді. Ол 1939 жылы комбайнмен егін жыйнауын маусымдық тапсырмасын мер-

мшелері бітік егін өсірді. Комбайншының алдында осы мол егінді қысқа мерзімде ырапсыз жыйнап алу міндеті тұрды. Тәжірибелі комбайншы бұл сыннан да мүдірмей өте білді.

Егіннің бітік өскенімен 1950 жыл комбайнмен жұмыс істеуге оңша қолайлы болған жоқ. Өйткені, бұл жылы егін ора-

нады. Екі комбайнмен егін жыйнау бір комбайнмен егін жыйнаудан әлдеқайда қиыны. Сондықтан комбайншы бұл жылы егін орағына күнібұрын жақсы әзірлік жүргізді. Бүкіл егін орағы бойынша қос комбайн тоқтаусыз жұмыс істеді. Осының арқасында Ким комбайнмен егін жыйнауды тағы да жақсы нәтижелерге ие болды. Ол 1951 жылы тіркеудегі «Сталинец—6» қос комбайнмен бір маусымда 1312 гектар аланның егінін жыйнап, 13 мың 200 центнер астық бастырды. Бұл еңбегі үшін ол екінші рет Ленин орденімен наградалып, екінші рет зор қуанышқа бөленді. Бәзір оның омырауында екі Ленин ордені жарқырайды. Ал, Петропавл МТС-нің коллективі Михаил Львовичті «көк орденнің жігіті» деп атайды.

—Егіннің тез және ырапсыз жыйналуы, —дейді Ким,—комбайншыдан. Комбайнның бәрі бір, ал, оны жүргізіп, іске қосудың өртүрлі жолдары бар. Бабына келтіріп жұмысқа қоссаң, комбайн егінді ора да бастыра да біледі. Еңгеше ком-



Көктемгі егіске әзірлік

Преснов ауданы егіс екпей ме?

Қар тоқтату — егін шығымдылығын арттырудың негізгі шарттарының бірі. Бірақ, Преснов ауданында егістік алаңға қар тоқтату жұмыстары өте баяу жүргізілуде. Аудандық ауылшаруашылық бөлім колхоздарға қар тоқтату науқанын үлгілі ұйымдастыруға нашар басшылық жасап отыр. Рас, бөлім колхоздарға қар тоқтату жөнінде тапсырмалар тағайындап берді. Алайда, бөлім қар тоқтату жөніндегі осы тапсырмалардың әрбір колхозда ойдағыдай орындалуына бақылау жасамай келеді. Қар тоқтату жоспарының мінсіз орындалуын бөлім колхоз, МТС басшыларынан талап етпейді.

Міне, осының салдарынан ауданда қар тоқтату жұмыстары мүлде қанағаттанғысыз атқарылып отыр. Осы уақытқа дейін ауданда қар тоқтату жоспарының бестен бірі де орындалған жоқ.

Жекеден колхоздарды алсақ, жағдай бұдан да нашар. Ауданның көптеген колхоздары қар тоқтатуға мүлде кіріспеген. Мысалға Калинин атындағы колхозды (президентелі Құсайынов жолдас) алуға болады. Бұл ауданның ең астықты колхоздарының бірі. Быйыл аталған колхоз 3 млн гектарға жуық жерге егін таппа-

ту мекемелерінің жанындағы лекциялық бюролардың күшімен еңбекшілер үшін И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі және партияның ХІХ съезінің материалдары бойынша лекциялар мен баяндамалар оқылуда. Мұның бәрі партия ұйымдарының лекциялық насихатты өрістетуі ісінде біраз жұмыстар істегенін дәлелдейді.

Дегенмен, идеологиялық жұмыстың негізгі участогі — лекциялық насихатты ұйымдастыру жұмысының жайы әлі де болса көзіргі өскелең талаптарға толық жауап бермейді. Кейбір партия ұйымдары жұмыстың бұл участогін жете бағаламайды. Сөйтін, оған үстірт басшылық жасайды. Партия оқу жүйесінде лекциялық на-

малардың мазмұнды болуына ерекше назар аудару керек. Баяндамаларды даяр текет бойынша, жергілікті фактілермен байланыстырмай оқу сыяқты теріс әдетке жол берілмеуі қажет. Бұл үшін саяси баяндамашылар тобының құрамы өздерінің оқыттын баяндамаларына жауапкершіліктерін арттыру керек. Партия ұйымдары саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы мен лекторлар бюросының лекциялық насихатты мазмұнды ұйымдастыруына үнемі бақылау жасап отыруға тиіс.

Коммунистік қоғам орнату мақсаты идеологиялық жұмыстың жайын барған сайын жақсарту беруді талап етеді. Сондықтан идеологиялық жұмыстың маңызды саласы — лекциялық насихатты ұйымдастыру ісіне жете назар аударысын.

ССРО Көркемөнер академиясының толық мүшесі М. И. Тоидзені Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

ССРО Көркемөнер академиясының толық мүшесі М. И. Тоидзенің творчестволық қызметіне 60 жыл толуына байланысты және оның советтік көркемөнер искусство-

сын дамытудағы еңбектері еске алынып, Моисей Иванович Тоидзе **ЛЕНИН** орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
Н. ШВЕРНИК

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының секретары.
А. ГОРКИН

Москва, Кремль. 12 февраль 1953 жыл.

Жетісудың ауыл шаруашылығын механикаландыру

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Жетісу ауданының МТС-тері мен колхоздарына қуатты тракторлардың кезекті тобы келді. Жаңа жылда машиналар осымен екі рет келді. Облыстың ауылшаруашылығы жана техникамен жабдықталуда. Соңғы екі жылда ғана көптеген тракторлар мен комбайндар келді, тракторлардың көпшілігі қуатты, шынжыр табанды тракторлар. Өткен жылдың өзінде-ақ машина-трактор станциялары зяб, пар жыртуды, тұқым себілер алдында жерді культивациялауды, дәнді дақылдарды, қант қызылшасын егу-

ді толық атқарды. Дәнді дақылдар мен тұқымдық дақылды жыйнау толық дерлік механикаландырылды. Жем-шөп дайындауды механикаландыру дәрежесі едәуір өсті. Ақсу және Талдықорған аудандарының колхоздарында пішен шабуды қоса есептегенде осы жұмыстардың барлық негізгі түрлері 100 процент механикаландырылды.

Быйыл отамалы дақылдарды культивациялауды, қант қызылшасын қазуды толық механикаландыру белгіленіп отыр.

Игібай Қанапин жолдас «Бірлік» ауылшаруашылық артелінің (Октябрь ауданы) мал шаруашылығын өркендету ісіне араласқанда мұнда небары 25 жылқы бар еді. Көзір колхозда жылқы саны 400 ден астам. Әрине, бұл — жылқышы И. Қанапин жолдасын қосқан зор үлесімен адал еңбегінің игі нәтижесі.

Қанапин жолдас өзінің барлық күш-жігерін туған колхозының мал шаруашылығын өркендету ісіне жұмсады. Ол қарамағындағы жылқылардың шығынсыз өсірілуінің қамын ойластырумен болды. Қыс болса, жаз іріктеп алған жайылымдарды жылқылардың еркін жайлап шығуына мүмкіншілік жасап отырады да, жаз болса, шөбі шүйгін, суы мол жайылымдарды тиімді пайдаланып отырады. Жылқыларға күтім жасауда болсын, жайылым жерлерді пайдалануда болсын Игібай Қанапин жолдас зоотехникалық ережелерді жылқы өсірудегі өзінің көп жылығы тәжірибелерімен тығыз байланыстырып отырды. Осының нәтижесінде ол жылма-жыл еңбегінің жемісті болуына жетісуде. Ол өткен жылдың өзінде ғана 96 биеден 95 құлын алып, оларды шығынсыз өсірді.

Ол «Еңбектегі Ерлігі үшін» медалімен, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының грамотасымен наградталды.

И. Қанапин жолдас аудандық Советтің депутаттығына кандидат. Ол біздің сенімдімізді ақтайды.

САЙЛАУҒА ӘЗІРЛІК

Октябрь ауданындағы «Балуан» колхозының бастауыш партия ұйымы сайлаушылар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысты мейлінше өрістетіп түсуде. Үгітшілер Сыздықов, Всенжолов, Смағұлов және тағы басқа жолдастар сайлаушыларды жергілікті Советтердің депутаттығына ұсынылған кандидаттардың өмірбаянымен, олардың халық алдындағы қызметтерімен таныстыруда.

Колхозда көктемгі егіске әзірлік жұмыстары сайлау күні — 1 мартқа дейін толығынан аяқталмақ.

Н. ЖАҒЫПАРОВ.

ауылшаруашылық артелінің мүшелері облыстық Советтің депутаттығына кандидат өтіп, колхоздың маңдай алды стахановшысы Уляна Яковлевна Васильева жолдасы ұсынды.

Васильева жолдас партия мен халықтың көрсеткен сенімін өзінің адал, қажырлы еңбегімен ақтай алатын депутаттыққа лайықты кандидат. Ол 1933 жылдан 1941 жылға дейін колхоздың бау-бақша бригадасының бригадирі болып жұмыс істеді. Көзіргі уақытта қатардағы бау-бақшашы.

1951 жылдың февралі Уляна Яковлевнаның өміріндегі қуанышты, ең бір елеулі кезең болып есептеледі. Бұл жылы қарапайым колхозшы әйелді өкмет билігінің жергілікті органы — Кривоозер селолық Советінің депутаттығына сайлап, колхозшылар оған зор сенім білдірді. Васильева жолдас халық көрсеткен сенімді колхоздың экономикалық қуатын арттыра беруге арналған өзінің қажырлы еңбегімен ақтай білді. Бақшашылар бригадасы 1951 жылдың күзінде колхоз орталығына 90 мың сом пайда келтірді. Ал, өткен жылы Васильева жолдасын бригадасы 6 гектар қапұстаның әрбір гектарынан 80 центнерден өнім алып, ауылшаруашылық артелінің қазасына 100 мың сомға жуық табыс кіргізді.

Уляна Яковлевна селолық Советтің депутаты ретінде селолары саяси және шаруашылық нағыздарға белсене араласып

Сайлаушылар кандидатпен

Жақында Булаев теміржол станциясының сайлаушылары облыстық Советтің депутаттығына кандидат И. С. Белетченко жолдаспен кездесті. Кандидаттың сайлаушылармен кездесуі жыйналысында жұрт сенген өкіл Куренный жолдас бірінші болып сөз алды.

Иван Савельевич Белетченко — теді ол, — 1924 жылы облысымыздағы Марьевка селосында туды. Соңғы жылдары Белетченко жолдас ҚЛКЖО Октябрь аудандық комитетінің секретарлығынан ҚЛКЖО облыстық комитетінің секретарлығына дейін жоғарылатылды.

жырлы еңбегі және заттай сөзі. Жуырда Ва- тыққа кандидат ловск сайлау кездесті. Стал- лық артелінің дас өзінің сөі өміріне қысқа

— Уляна рын 12 жасы даның, Совет ның жалпылы 1933 жылға болып, шахта дан бері Стал- ріне өзінің к- араласып кел-

Васильева жоқтардың ст- тын халықты

Сталин аты- ларының ұсы- «30 жылдық- лық артелінің жұмысшылары разьезінің кол- дің сайлауы— даулы бақшаі ұйымдасқан т- айты.

Пекиндегі салтанатты мәжліс

Лю Шао-цидің баяндамасы



ПЕКИН, 14 февраль. (СОТА). Бұрын хабарланғанындай, кеше Пекинде Хуа-чжэнтаң залында, қытай-совет достығы Қоғамы шақырған, Қытай мен Совет Одағы арасындағы достық, одақ және өзара-көмек туралы Договорға қол қойылуының үш жылдығына арналған салтанатты мәжліс болды. Залда Қытайдың Орталық халық үкметінің, Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитеті мүшелері, демократияшыл және қоғам ұйымдарының өкілдері, әдебиет және искусствоның қайраткерлері, еңбек Ерлері, Халық-азаттық армиясының Батырлары, Совет Одағы мен халықтық демократия елдерінің дипломатиялық өкілдері, совет мамандары — барлығы 1.300-ден аса адам болды. Сахнада В. И. Лениннің, И. В. Сталиннің, Мао Цзэ-дунның және Сунь Ят-сеннің портреттері, Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының мемлекеттік жалаулары.

Қытай-совет достығы қоғамының құрметті председателі Лю Шао-цидің, Чжоу Эн-лайдың, Чжу Дэнің, У Юй-чжанның, Цянь Цюнь-жудың, Ли Цзи-шэньнің, Го-Мо-жонның, Хуан Ян-пэнің, Совет Одағының Қытайдағы елшісі А. С. Панюшкиннің және басқаларының мәжлістің президиумына келуін залдағылар ду қолшапалақтап қарсы алды. Салтанатты мәжлісті қытай-совет достығы Қоғамы председателінің орынбасары Го Мо-жо ашты.

Қытай мен Совет Одағы арасындағы достық, одақ және өзара көмек туралы Договорға қол қойылуының үш жылдығы туралы Лю Шао-ци үлкен баяндама жасады.

Өзінің баяндамасында Лю Шао-ци бүкіл қытай халқы, сол сияқты, бүкіл совет халқы дүние жүзінің барлық бейбітші-

отырғанын, Лю Шао-ци бұл фактілер жапон империализмінің қайта туғызылуының, сол сияқты, Жапонияның немесе агрессия істерінде Жапониямен бірігетін қандай да болса басқа мемлекеттің агрессияны қайталауының ерекше көңіл аударарлық маңызы болып отырғандығын дәлелдейтінін айтты.

Сондықтан жапон империализмінің қайта туғызылуына және Жапонияның немесе агрессия істерінде мұнымен бірігетін қандай болса да басқа бір мемлекеттің агрессияны қайталауына тойтарыс берудің өте зор маңызы бар. Міне, сондықтан, деді онан әрі Лю Шао-ци, Қытай мен Советтік Социалистік Республикалар Одағы арасындағы одақ пен достықтың көзірігі халықаралық жағдайда зор маңызы бар.

Договор екі ел арасында экономикалық және мәдени қатынастың мықтап күшейуіне зор әсер еткенін айта келіп, Лю Шао-ци Қытай Халық Республикасының экономикасын қалпына келтіріп, өркендетуде Совет Одағының орасан зор техникалық көмек көрсеткенін атап айтты.

Мұнан кейін Қытай Халық Республикасы мен Совет Одағы арасындағы мәдени байланыстың нығайуын дәлелдейтін нақтылы фактілер келтіріп, Лю Шао-ци былай деді: «Бұл фактілер екі елдің Қытай мен СССР-ның мәдени байланысы орасан мықтап күшейгенін және келешекте де үздіксіз күшейе беретінін көрсетеді».

Жоғарыда айтылғандардың бәрі, деді онан әрі Лю Шао-ци, екі ұлы ел—ССРО мен Қытай халықтарының Договор бойынша баянды етілген бірлігі мен достығының өткен үш жыл ішінде орасан мықтап күшейгенін және онан әрі үздіксіз күшейе беретінін дәлелдейді. Бұл бірлік пен дос-

дастың құрметіне, Қытай халқының ел сүйікті досы, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің көсемі және ұстазы И. В. Сталин жолдастың құрметіне ұран салды.

А. С. ПАНЮШКИННІҢ СӨЗІ

Мұнан кейін СССР-ның Қытай Халық Республикасындағы елшісі А. С. Панюшкинге сөз берілді. Ол достық, одақ және өзара көмек туралы Совет-Қытай Договоры Қытай мен Совет Одағының ұлы халықтары арасындағы достық қатынастың жаңа кезеңін бастағанын айтты. Бұл Договор халықаралық қатынастың дамуында жаңа кезеңді бастады, өйткені, Совет-Қытай Договоры СССР мен Қытай халықтары арасындағы достықты бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікке нығайту ісін қуатты және ұлы күшіне, адамзаттың тарихында жоқ және болып көрмеген күшке айналдырды.

Қытай мен Совет Одағы арасындағы достық, одақ және өзара көмек туралы Договорды, деді Панюшкин, бүкіл бейбітшіл және прогресшіл адамдар қолдайды, өйткені, Совет-Қытай достығы мен одағы бейбітшілікке сақтау және нығайту күресінде қуатты күш болып табылатындығына оның барған сайын кезі жетуде.

Сөзінің қорытындысында Панюшкин Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының халықтары арасындағы мәңгілік, мызғымас берік достық пен туысқандық одақ құрметіне, ұлы қытай халқының көсемі Мао Цзэ-дунның құрметіне, ұлы совет халқының және бүкіл прогресшіл адамзаттың көсемі ұлы Сталиннің құрметіне ұран салды.

БО И-БОНЫҢ БАЯНДАМАСЫ

Қытайдың экономикалық құрылысына СССР-ның көрсетіп отырған көмегі тура-

Жұмыстан бос уақытында Қызыл астық совхозының жас сайлаушылары лекциялар тындап, әңгімелер есту үшін және жаңадан келген газеттер мен журналдарды оқу үшін үгіт пунктіне күн сайын келіп отырады.

СУРЕТТЕ: жаңадан келген журналдар мен газеттерді жас сайлаушылардың оқып отырған кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Кітапхана үгіт жұмысының орталығына айналды

Булаев ауданына қарасты көптеген кітапханалар жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік күндерінде үгіт жұмысының орталығына айналып отыр. Ұзынкөл, Қарағанды, Чистов селолық кітапханаларында сайлаушыларға арналып, «Советтік сайлау системасы», «Совет Одағы халықтарының достығы», Халықаралық жағдай тағы басқа тақырыптарда лекциялар оқылды. Кітапханалар қасында түрлі өнерпаздар үйірмелері жұмыс істейді.

Аудандық кітапхана Собконың «Бейбіт-

Ы
ҚЫНЫ
Ы

мен
Сінен

шілігі ұсақ
Бұл дұрыс
ының индуст-
к. Бұл үшін
лесіп жұмыс
шіздерді то-
ымен қабағ
сқа және ұзақ
ып, оның жү-
дуы қажет.
ымдары ұзақ
нда ағымдары
ар жасамай-
майды. Құры-
ыру жөніндегі
е барлық жү-
тыстыру кө-
дары жұмыс-
жарық мәсе-
қты ұйым-
кеке салынып,
күмыстың те-
болса, құры-
қуыя ұйым-
ық тақырып-
ғы кеңінен
азар аудару

қармасы ме-
ретары Цы-
коллективтің
ау жөніндегі
келіп, партия
с, саяси төр-
у жөніндегі

Поездар жүрісінің хауіпсіздігін қамтамасыз етейік

Басеміміз Н. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегі және Совет Одағы Коммунистік партиясы XIX съезінің тарихи қарарларымен жігерленген Петропавл жол бөлімінің теміржолшылары, миллиондаған барлық совет адамдары сияқты, коммунистік құрылыстың ұлы ісіне өздерінің қосатын үлес мөлшерін көбейте беру үшін қажырлылықпен еңбектенуде.

Жол бөлімі 1952 жылды транспорты пайдалану жұмысында едәуір жақсы көрсеткіштермен аяқтады. Поездарды жөнелту графигі 1951 жылмен салыстырғанда 12,4 процент арттырылды, ал, жүк тиелген вагондардың айналымы шашаңдатылып, вагондарға жүк тиеудің жоспарлары артығымен орындалды. Өткен жылы тасымалдың өзіндік құны 10,3 процент кемітіліп, 10 мың тоннадан артық отын үнемделіп, жоспардан тыс миллиондаған сом қаржы үнемделді.

Сол сияқты, паровоз депосының, вагон участогінің және Петропавл станциясының коллективтері жылдық тапсырманы артығымен орындады. Бірақ, теміржол транспортының жұмысын тұтас алғанда қанағаттанарлық деп айтуға болмайды.

Техникалық пайдаланудың ережесін мүлтіксіз орындау—барлық көрсеткіш бойынша мемлекеттік жоспарды артығымен орындаудың және жүк тасудың сапасын үнемі арттыра берудің негізгі шарты болып табылады. Әрбір теміржолшының техникалық пайдаланудың талаптарын мүлтіксіз орындауы поездардың жүру хауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жүк тасудың

тапсырмасын артығымен орындауды ойдағыдай шешуге көмектеседі.

Жол бөлімінің көптеген теміржолшылары поездардың хауіпсіз жүруінің ережелерін мүлтіксіз сақтап отырады. Петропавл паровоз депосының таңдаулы машинистері Шандыбин, Лесков, Гололобов, Слюнько тағы басқалары поездардың хауіпсіз жүру ережелерін мүлтіксіз орындап келеді.

Алайда, поездардың хауіпсіз жүруінің жағдайы Петропавл темір жол торабы бойынша қанағаттанғысыз түрде қалып отыр. Темір жол транспортының жұмысында әлі де болса ақау көп. Поездар жүрісі қызметінің мекемесінде 1952 жылы жіберілген ақаудың саны тіпті көбейіп кетті. Петропавл станциясының қызметкерлері жіберген ақаудың мөлшері барлық тасымал қызметіндегі ақаудың тең жартысынан асып түсті. Бұл сияқты кемшіліктің болып отыруына себебі поезд құрастырушылардың, вагон ағытушылардың, стрелочниктер мен станция бойынша кезекшілердің бір бөлегі техникалық пайдаланудың ережелерін орындауда тікелей тәртіпсіздік көрсетеді. Ал, техникалық тәртіпті бұзып, ақау жіберетіндермен станция бастығы Влиникон жолдас бастаған инженер-техник қызметкерлер қатал күрес жүргізбейді, олардан жауапкершілікті талап етпейді.

Петропавл паровоз депосының қызметкерлері де өздерінің жұмысында ақауды жою үшін ақау жіберушілермен нақтылы күрес жүргізбей, техникалық ережені бұзушыларға қарсы қатал шара қолданбай отыр. Сондықтан да жол бөлімі бойынша жіберілген ақаудың 35 проценті паровоз

депосының тарапынан болып отыр. Сапарға шыққан поездардың жолда бүлінуі 200-ден асып кетті. Паровоздарды күту жұмысында күні осы уақытқа дейін шешілдік сияқты дерт жойылмай келеді. Паровоздардың техникалық жарамдылығын және олардың күтімін бақылауды паровоз депосының инженер-техник қызметкерлері ұйымдастырмай және оған жете мән бермей отырғандығы байқалады.

Жүру хауіпсіздігінің жайы паровоз депосында нашар болып отырған себебі ес—мұнда паровоз машинистері мен олардың көмекшілерінің бір бөлегінің арасында еңбек тәртібі нашар ұйымдастырылған. Ал, паровоз депосы бастығының паровоздарды пайдалану жөніндегі орынбасары Сыроешко паровоздар колоннасына бекітілген нұсқаушы машинистердің жұмысына нақтылы бақылау жасамағандықтан, техникалық ережелердің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етпеген. Нұсқаушы машинистердің жұмыстары туралы техникалық кеңестерде олардың баяндамасы сирек тыңдалады. 1952 жылдың сентябрінен декабріне дейін нұсқаушы машинистердің кеңесі үш-ақ рет өткізілген.

Кейбір машинистердің өзінің өте жауапты міндетіне немқұрайлы қарайтындығын төменде келтірілген фактімен дәлелдеуге болады. Өткен жылдың декабрь айында машинист Лобачев жолдас Петропавл-Есікөл арасында жұмыста ақау жіберген. Осы жіберген ақауды талдай келгенде ұзақ уақыт сапарға шығып жүргеніне қарамастан, сапарға алдын ала тексеріссіз шыққан екіінші рет басқа сапарға шыққанда баратын жол туралы ешбір түсінігі болмауымен бірге, оның қолында расписание, тіпті сағат та болмаған.

Жол бойын ұқыпсыз ұстау және техникалық ережелерді сақтамау поездарды пайдалану жұмысына нұқсан келтіріп отыр. Өткен жылдың декабрь айында бе-

сінші дистанцияның жол бойында жарамсыз релістердің барлығы анықталған, бірақ, жол мастері Пузряков жолдас жарамсыз релісті ауыстыруға немқұрайды қараған. Соның салдарынан локомотивтердің техникалық жүріс жылдамдылығы едәуір кемі түскен. Мұның барлығы техникалық ережелерді бұзудың тікелей салдары болып табылады. Теміржол транспорты қызметкерлерінің негізгі міндеттерінің бірі жол жабдықтарын көздің қарашығындай сақтаумен бірге қандай да болса кездескен кемшілікті, ақауды, болмашы бүлінуді деркезінде көріп, жойып отыру болып табылады. Темір жол қызметкерлері техникалық пайдаланудың ережелері мен нұсқауларын жете зерттеп үйрену арқылы поездардың хауіпсіз жүруін қамтамасыз етуге тиіс.

Жуырда ҚКП облыстық комитеті өзінің бюросында темір жол бөлімінде поездардың жүру хауіпсіздігінің барысы туралы мәселені толық талқылап, мұндағы кемшіліктердің бетін ашты. Облыстық комитеттің бюросы поездардың жүру хауіпсіздігін қамтамасыз етудің нақтылы шараларын белгілеп, теміржолшылар арасында еңбек тәртібін жақсарту түсудің қажеттігін атап көрсетті.

Петропавл теміржол бөлімінің партия, шаруашылық және кәсіподақ ұйымдары басшыларының міндеті теміржолшылар арасында социалистік жарыс туын жоғары көтеріп, еңбек тәртібін жақсартумен бірге поездардың тоқтаусыз жүріп тұруын қамтамасыз ету, сөйтіп, сталиндік бесжылдықтың үшінші жылында жүк тасудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындауды қамтамасыз ету болып табылады.

А. ЧЕРНЫШЕВ.

ҚКП облыстық комитеті өнеркәсіп-транспорт бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

ғыз ынтыма периализмнің күйретеміз» Қорытынд Қытай арасі берік достық халқының у

ХА ПХЕНЬЯН Халық -Демократиялық армиясының құрамалы дандарда ам теріне және

«УДАРНИ БУ «О Сеанстар 6 Касса саға

Ауыл бүкілодакт курсының лысаралық үзбей сы Колхоз есепшілері уашылық, галтерлері колхоздар рынын пр лерін дая шылар ал Адрес: лысы, Пе көшесі, 6